Мерей

ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ТЕКТІЛІК

Ауданның қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмірінің өркендеуіне, елдік істердің қанат жаюына, ауданымыздың қай мекенінде болмасын тұғырлы жобалардың өміршең болуына күш-жігерін аямай, үйдей шаруалар бітірген азаматтар аз емес. Қай істе болмасын ілкімді ісі мен ұтымды шешімдері арқылы таныла білген, елдік шаруаларды қара нардай көтерген, қайраткер азаматтар түлеп шыққан текті әулеттер бар.

Жалпы Шет өңірін текті тұлғалар түлеп ұшқан тұғырлы өлке деп жатады. Кешегі болыстық басқару жүйесі кезеңінде ел басқарған небір дуалы ауыз шешен-билердің есімдері тарихтан белгілі. Қазақ қашанда тектілікті жоғары бағалап, қанға сіңген қасиет деп санап келген. Бесата жұртына белгілі текті тұлғалардың бірі, Қараменде ұрпағы Құйқаұлы Соқыр 1888 жылдары Аюлы болыстығының биі болған, одан кейін ұлы Соқырұлы Сатқанғұл да кәмпескеге іліккенге дейін заманның бағытын бағдарлай білген, ұрпағының қамын әріден ойлаған би болған. Сол Сатқанғұл биден Мұқабай, Жұматай, Бибіғайша, Бірлік деген төрт бала қалады.

«Тереңнен тартқан тектілік» демекші, Мұқабайдан Мұқабаевтар әулеті, бүгінде біз білетін аудандық статистика бөлімінің басшысы Ержан, кәсіпкер Серік Мұқабаевтар тараса, ал, Жұматайдан бүгінгі мақаламызға себепкер болып отырған осы текті атаның ұрпағы, саналы ғұмырын ауданымыздың дамуына үлес қосып, жастық жігері мен ақыл-парасатын елдің хал-ахуалын жақсартуға, ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің көтерілуіне жұмсаған, бүгінде жетпіс дейтін кеменің желкенін көтеріп, ақылман ақсақалдың асқарына шығып отырған Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Жұматайтегі Көшербай ағамыз жайлы болмақ.

Көшербай ағамыз туралы айту үшін де алдымен оның өткен өмірі мен шыққан белестеріне бір сәт қайырылып, көз тастап алған да дұрыс болар.

Көшербай ағамыз 1953 жылдың 2 сәуірінде Шет ауданы, Ақтөбе ауылында өмірге келген. Аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген соң, 1972-1974 жылдары Ресей федерациясы Солтүстік Қызыл жұлдызды әскери-теңіз флотында Отан алдындағы борышын өтейді.

Еңбек жолын 1971 жылы Ақжал тау-кен байыту фабрикасында қатардағы жұмысшы, әр салада жүргізуші болып бастаған Көшкең Шучье қаласындағы индустриалды-педагогикалық техникумын, Ақмола ауылшаруашылығы институтын ауылшаруашылығын механикаландыру, техник-механик және өндірістік оқудың шебері, ауылшаруашылығын механикаландыру - инженер-механик мамандықтары бойынша бітіреді.

Бұдан әрі еңбек жолы Шет ауданындағы кәсіптік-техникалық училищесінде өндірістік оқу шебері, арнайы пәндер мұғалімі, ДОСААФ мекемесінде спорт клубының оқытушысы, Шет аудандық ауылшаруашылық кәсіпорынында заңгер және жанар-жағармай ресурсы бойынша инженер, "Просторный" асыл тұқымды мал зауытында техника қауіпсіздігі жөнінде инженер, жөндеу механикалық шеберханасында бақылаушы инженер, бригадир, осы мал зауытының кәсіподақ комитетінің төрағасы болып жалғасады. Осы кәсіподақта жүріп, 1994 жылы Қазақстан Республикасының кәсіподақтар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Көшербай ағамыз 1997 жылы Жарық кентінің әкімі болып тағайындалады. Бұл жоғарыда айтқанымыздай, халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеп, ауылдардың тозып, ажары кете бастаған ең бір қиын кезең болатын. Көшкең сол бір қиын жылдарды еске алып, біраз әңгімені тарқатты.

- Мен 1997 жылдың 23 ақпанында өтпелі кезеңде Жарық кентіне әкім болып тағайындалған едім. Менің алдымдағы қадірменді азамат Әсмән Туғанбаев денсаулығына байланысты орнын босатып, маған ақ батасын берген еді. Қызметіме кірісе сала байқағаным, халықтың көпшілігінің жағдайы мәз емес екен. Себебі, құрамында жүздеген адамдар еңбек ететін «Автобаза, мұнай базасы, Сельхозтехника, астық қабылдау пункті, жол пайдалану учаскесі, ПМК, сүт зауыты, отын базасы, нан зауыты сияқты мекемелер жұмыстарын тоқтатып, мыңнан астам адам жұмыссыз қалған, бұрынғы атқарған жұмыстарының да жалақыларын ала алмай, зейнеткерлер зейнетақысыз, аз қамтылған отбасылар жәрдемақысыз, мұғалімдер жалақысыз күн кешіп жатты. Электр энергиясына миллиондаған қарыздың себебінен жарық күнде сөндіріледі. Жарық болмаған соң телевизор, радио, су болмайды. Ол аз болғандай темір жол мекемелері өзіне қарасты әлеуметтік мекемелерден бас тартып, мектеп, аурухана, балабақша, мәдениет үйі жұмыскерлерін қысқартып, Үкіметтің қаулысына сәйкес әкімшілікке әкеліп тапсырып кетті. Ал жергілікті бюджетте бұларды ұстамақ түгілі ондағы бос тұрған ғимараттарын күзетуге де қаражат жоқ еді. Ақысыз күзетуге тура келді. Бәрінен де жылу орталығын тоқтатып тастағандары қиынға соқты. Мектеп, аурухана, көп қабатты бірнеше үй және мекемелер орталықтан жылынатын. Жылу беру орталығы жұмасына бір вагон көмір жағатын, ондай көлемде көмір алатын қаражат ауданда болған жоқ. Осы мәселелермен қиналған халық, барар жері болмай, таңертеңнен кешке дейін әкімдікке ағылатын. Айта кетерлігі сол кезге дейін, Жарықта бірде бір заңды кәсіпкер болған жоқ, нанның өзін көрші Просторный ауылынан әкеліп, сатылды.

Осы қиындықтарды жеңу үшін маңайыма халықпен сөйлесе білетін, жағдайдың келе-келе түзелетіндігін, оның жолдарының бар екенін, жалақысыз еңбек етіп жүрген мұғалімдерді, дәрігерлерді, зейнеткерлерді, жәрдемақы алатын азаматтарды сабырлыққа шақыра алатын зиялы адамдарды топтастыру болды. Сондай азаматтардың бірі марқұм Рысқұл Қасымұлы болды. Бұл кісімен бірігіп, көп жұмыстар атқардық. Кейіннен ол аудандық мәслихаттың депутаты ретінде кенттегі мәселелердің шешілуіне ықпал етті. Бірігіп жұмыс істеудің арқасында кенттің жағдайы бірте-бірте жақсарып, түзеле бастады, - деді Көшербай ағамыз бізбен болған әңгімесінде.

Кентте он жыл қызмет атқарған жылдары өзінің ұтымды шешімдері мен табандылығының арқасында кенттің жағдайы түзеле бастады. Кәсіпкерлер саны көбейіп, жұмысын тоқтатқан кейбір кәсіпорындардың жұмысы қайта жанданды. Нанды да сырттан тасу тоқтады. Жақын жерден су құбыры тартылып, жылу беру, су, электр қуаты, канализация мәселелері толық шешімін тапты. Бұзылған ғимараттар орны тазартылды, іске жарайтыны қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді. Кенттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жергілікті кәсіпкерлермен шешуге болатынын түсінген Көшкең шағын орта бизнестің дамуына көп көңіл бөлді. Сондай бір бос тұрған ғимараттардың бірін қымыз өндіру үшін сұрап келген кәсіпкерге бергізді. Ғимаратты беру үшін біраз кедергілерге тап болды, жоғарыдан құптамағандар да болды. Тіпті "бөтелкеге құйылған қымыз - қымыз бола ма" дегендер де болған. Бірақ Көшкең соның бәріне қарамастан есебін тауып, ғимаратты бергізді. Есесіне кәсіпкердің де жұмысы жанданып, ол өндірген қымыз үлкен сұранысқа ие болды.

Кентте денсаулық, мәдениет саласының дамуына да зор үлес қосты. Кенттегі аурухана жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасының нығайуына күш салды. Осы аурухананың бір бөлмесінде орналасқан кітапхана жеке ғимаратқа көшіріліп, кітап қоры ұлғайып, оқырмандар саны көбейді.

Көшербай ағамыз жайында жазушы Төрехан Майбас өзінің "Шікіл" атты кітабында "Мен Көшкеңді көрген сайын есіме еріксіз Ақшатауымды аламын. Туған жеріме барсам мен де қан жылап қайтам. Күні кеше ғана қала болған ауылым өлі мекенге айналып барады, соны көзбен көрудің күйігі жаман екен. Сол тұста Ақшатаудан Көшкеңдей азаматтар табылмады-ау деп өкінемін. Ақшатауды ойласам-ақ, Көшеннің тұлғасы асқақтап береді. Мұндай азаматымен елі мақтануы керек..." деп жазған екен.

Бұл қиын кезеңдер біздің де есімізде. Сонау 90 жылдары жаппай жекешелендірулер жүріп, әркім өз үлесін алып, орнына жеке шаруашылықтар құрылды. Есесіне ауыл тоқырап, ажары кете бастағаны есімізде. Осынау өтпелі қиын-кезеңдерде әр салада ауылдың қайта түлеуіне тынымсыз еңбек еткен әкімдердің бірі осы Көшербай ағамыз болатын.

Әкім болып қызмет атқарған жылдары көптеген семинарлар мен академияларда оқып, білімін жетілдірді. Облыстық деңгейден бөлек, Астана, Алматы қалаларымен қатар, Германияда мемлекеттік қызметкерлер даярлау жөніндегі халықаралық академияда оқып, білімін жетілдірді. Сертификаттары да жеткілікті. Ауыл, кент әкімдері жұмысын рейтингілік бағалауда үнемі бірінші орында болды.

Бес мыңға тарта халқы бар кенттен тарихи отанына қоныс аударған азаматтар да ағамыздың еңбегін, істеген жақсылығын әлі күнге ұмытпаған, оны өзіне келген хаттардан оқып, көрдік. Сыртта жүрсе де өзі туып өскен Ақтөбе ауылындағы мектепті өз қаражатына жөндетіп, арнайы комиссия шығарып, жабамыз деп тұрған мектепті жаптырмай аман алып қалды.

2007 жылы аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлануына байланысты кент әкімі қызметінен босатылады. Сол жылы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Шет аудандық аумақтық инспекциясының бастығы қызметін атқарып, осы арадан зейнеткерлікке шықты.

Көшербай ағамыз жауырыны жерге тимеген балуан екенін біреу білсе, біреу білмес. Талай боз кілемнің шаңын қаққан ағамыз есімі елге белгілі балуандарды жыққанын да естігенбіз. Әскери-теңіз флотында борышын өтеп жүрген кезінде I дәрежелі әскери спортшы атанса, самбо күресінен КСРО-ның I дәрежелі балуаны деген атағы және бар. Шет ауданының 80 жылдығы мерейтойында және сол жылы Қояншытаңайға ас берілгенде спорттық іс-шаралар, оның ішінде қазақ күресінен жарысты ұйымдастыру Көшкеңе сеніп тапсырылған болатын.

Жұмыстан қолы қалт еткенде көңілін тербеген ой-толғамдарын жырмен өрнектей білген ағамыз "Аюлым", "Ағаны аңсау", "Ұлым Жангелдіге" атты өлеңдерімен қатар, "Жарық вальсі" әніне сөз де жазған. Газетіміздің тұрақты оқырманы, әрі жанашыры.

Мемлекет тарапынан ұзақ жылғы жемісті еңбегі лайықты бағаланып, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен екі мәрте, аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен, мәдениет саласына сіңірген еңбегі үшін облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хатымен, "Қазақстан Мәслихаттарына 20 жыл" басқа да көптеген медальдармен марапатталды.

Бүгінде Көшербай аға өркені өскен әулеттің діңгегі, шаттық ұялаған шаңырақтың отағасы. Жұбайы Қыздарбек-қызы Бибігүл 24 жыл сауда саласында, Жарық пошта байланыс торабын он жыл басқарып, жемісті еңбек еткен. Түлкілі ауылдық Кеңесінің депутаты да болған. Бүгінде Көшербай ағамызбен бірге үш ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйіп отырған ардақты жандар. Есенжолы Қарағанды тау-кен колледжін, Қарағанды кооперативтік институтын кеден саласы мамандығы бойынша, Жандос ҚарМУ-ді және Қазақстан-Ресей университетін заңгер мамандығы бойынша бітіріп, арнайы жолдамамен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясын тәмамдап, бүгінде полковник шенінде қызмет атқарады. Ал, Жангелдісі ҚарМУ-ді, Қарағанды кооперативтік институтын заңгер мамандығы бойынша және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясын тәмамдап, капитан шенінде қызмет атқаруда. Көшкең мен Бибігүл жеңгеміз осы ұлдарынан Әбди, Темірлан, Расул атты немерелер сүйіп, бақытты ата-әже атанып отыр.

Ендеше, ардақты ағамызды жүйрік уақыттың жел аяңымен жеткен 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, шуақты да ұзақ ғұмыр тілеймін! Алла қуат берсін сізге! Ғибрат пен тағылымға толы ғұмырыңыз кейінгі буын жастарға адамдық пен адалдықтың аласармас ақ туы болып желбіреп, бет түзер темірқазығына айнала берсін, дегім келеді.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.